

**КИМЭП Университетінің 15-ші халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясы**  
**Арнайы бірлескен конференция: «Жібек жолы, туризм және қонақ үй бизнесі**  
**индустриялары»**

2018 жылғы 13-14 сәуір  
Алматы қаласы, Қазақстан

**Конференция тақырыбы:**

**Жібек жолы мен Ұлы дала жері бойындағы экономикалық интеграция**

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Аталмыш пәнаралық конференция Жаңа жібек жолы бойындағы Орталық Азия елдері алдында тұрған конструктивті және инновациялық экономикалық интеграцияны зерттеуге, сонымен қатар өмір сүріп жатқан елімізге қарамастан әрқайсысымызға әсер ететін жаһандық мәселелерді қарастыруға бағытталған. KIRC бухгалтерлік есеп, менеджмент, экономика, қаржы, ақпараттық технологиялар, туризм және қонақ үй бизнесі және басқа да салаларда қызмет ететін ғалымдар, іскер көшбасшылар және басқарушылар арасында идеялармен, құндылықтармен, ғылыми зерттеулермен және тәжірибемен алмасуға мүмкіндік береді. Конференцияның негізгі тілі ағылшын тілі болғандығына қарамастан, баяндамашылар мен тыңдаушылардың ыңғайына қарай бірнеше сессия қазақ және орыс тілдерінде өткізу жоспарланған. Зерттеу баяндамаларымен қатар біріккен конференция аясында «Жібек жолы, туризм және қонақ үй бизнесі индустриясы» тақырыбында арнайы дөңгелек үстелдер және семинарлар жүргізіледі. Конференция Бэнг атындағы бизнес факультетімен, КИМЭП Университеті (Қазақстан), Қонақ үй менеджментінің Оксфорд мектебімен, Оксфорд Брукс Университеті (Оксфорд, Ұлыбритания), Қонақ үй және туристік менеджмент мектебімен, Гонконг политехникалық университеті (Гонконг, Қытай), Мугла Сики Кочман Университетімен (Түркия), Кюнг Хи Университетімен (Оңтүстік Корея), Туризм саласындағы ғылыми ассоциациямен (Түркия) және Амхерсттегі Массачуссетс Университетімен (АҚШ) бірігіп ұйымдастырылып отыр. Конференция Жібек жолы бойындағы туризм және қонақ үй бизнесінің әлеуметтік-мәдени, экономикалық, саяси, экологиялық және технологиялық қиындақтарын қарастыратын баяндамаларды қатысуға шақырады.

**Арнайы біріккен конференция тақырыбы: «Жібек жолы, туризм және қонақ үй бизнесі индустриялары»**

Жібек жолы Қытайдан Жерорта теңізіне дейін Шығыс пен Батысты біріктіре отырып, ғасырлар бойы Азия континенті аймақтарының мәдени қарым-қатынас пен экономикалық ынтымақтастықтың негізгі орталығы ретіндегі көне сауда жолдарының жүйесі болған. Жібек жолы елдерінің (Қытай, Қазақстан, Иран, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Үндістан және Ресейді қоса алғанда) соңғы бастамаларын ескере отырып Жібек жолы қазіргі әлемге ықпалын тигізу потенциалы бар сауда және мәдени алмасу мүмкіндігін ұсына алады. Яғни, қарқынды экономикалық жаһандану, мәдени алуантүрлілік және ақпараттық технологиялардың жедел даму заманында Жібек жолы туризм және қонақ үй бизнесі индустриялары үлкен мүмкіндіктер ұсынып отыр.

Біріккен конференция Жібек жолы аясындағы туризм және қонақ үй бизнесінің әлеуметтік-мәдени, экономикалық, саяси, экологиялық және технологиялық қиындықтары мен проблемаларына арналған жұмыстарды қатысуға шақырады.

Біз тұжырымдамалық зерттеу жұмыстарымен қатар әртүрлі аймақтық және ұлттық контексттегі (мысалы: Қытай, Үндістан, Ресей, Қазақстан, Иран, Түркия сияқты елдер, бірақ бұл тізіммен шектелмейтін) ақпаратты біріктіретін, туризм және қонақ үй бизнесі



саласында зерттеулерді алға тартатын, сонымен қатар Жібек жолы және туризм мен қонақ үй бизнесі индустриялары арасындағы өзара әрекеттесуді және диалогтық байланысқа практиктерді жолдайтын тәжірибеге негізделген жұмыстарды қабылдаймыз.

Конференция аясында Сізді толғандыратын және ілгері тартатын сессияларға қатыса отырып, әлеуметтік шараларға қанағаттанып, ғылыми-зерттеу байланыстарыңызды жаңа деңгейге шығарасыз деп үміттенеміз.

### **Ғылыми жұмыстарды жазу бойынша ЖОО-дан кейінгі деңгейде білім алушыларға және докторанттарға арналған тренинг**

#### **Курс жетекшісі – профессор Хоссейн Олйа**

Осы курс ЖОО-дан кейінгі деңгейде білім алушыларға ғылыми жұмыстарын дайындау сатысында презентациялау дағдыларын дамытуға арналған. Курс бекітілген кесте бойынша сұрақ-жауап және кері байланыс түрінде өтетін ашық семинарлардан тұрады. Курсты «Бизнестегі студенттерге арналған зерттеу әдістері» атты әлемдік бестселлерді бірлесіп жазған автор жүргізеді.

### **Академиялық басылымдарда зерттеулерді жариялауға дайындау бойынша журнал редакторларынан тренинг:**

Профессор Кайе Чон («Саяхат және туризм маркетингі журналының» редакторы),  
Профессор Левент Алтинай («Қызмет көрсету индустриясының журналының» редакторы)

### **Ғылыми жұмыстар мен рефераттарды тапсыру**

Жоғарыда аталған тақырыптар және салалар бойынша рефераттарды, кеңейтілген рефераттарды, толық ғылыми жұмыстарды, презентациялар мен ситуациялық зерттеулерді [kirc@kimep.kz](mailto:kirc@kimep.kz) электрондық мекенжайға жіберулеріңізді өтінеміз. Конференция ұйымдастырушыларының өкілдерінің арнайы біріккен комитеті рефераттарды, кеңейтілген рефераттарды, толық ғылыми жұмыстарды, презентациялар мен ситуациялық зерттеулерді қарастырғаннан кейін өз шешімдері және ескертулері туралы авторларға 2018 жылдың 19 ақпанына қарсы өз жауабын береді.

### **Жарияланымдардың мүмкіндіктері**

- Таңдаулы толық жұмыстар мен ситуациялық зерттеулер «Орталықазиялық бизнес зерттеулер журналында» (ISSN: 2073-5901) жарияланады
- «Қызмет көрсету индустриясы журналы» (арнайы шығарылым: Жібек жолы және қызмет көрсету индустриясы)
- «Туризм бойынша азия-тынықмұхиттық зерттеулер журналы»
- «Саяхат және туризм маркетингі журналы»
- «Заманауи туризмді басқарудың халықаралық журналы»
- «Туризм маркетингі және менеджменті журналы»

### **Маңызды күндер**

- Рефераттарды тапсыру (қолданылған әдебиеттердің тізімінен бөлек 400-500 сөз):  
**2018 жылғы 19 ақпан**
- Жұмыстарды қарастыру қорытындылары: **2018 жылғы 1 наурыз**

Қабылданған рефераттардың авторларына аяқталған немесе аяқталу үстіндегі жұмыстарды тапсыру ережелері туралы хабар жіберіледі.

- Қорытынды жұмыстарды тапсыру (аяқталған және аяқталу үстіндегі): **2018 жылғы 15 наурыз**

**Рефераттарды келесі электронды мекенжай бойынша жіберулеріңізді өтінеміз:**  
**[kirc@kimrp.kz](mailto:kirc@kimrp.kz)**

**Мекенжайымыз:**

КИМЭП Университеті

Қазақстан Республикасы, 050010

Алматы қаласы, Абай даңғ. 4, 334 кеңсе

**Байланыс ақпараты:**

**Сәуле Смаилова, Ғылыми зерттеулер жөніндегі үйлестіруші,**

**E-mail: [Kirc@Kimer.kz](mailto:Kirc@Kimer.kz)**

**тел:+7(727) 270 4477 ішкі 2167**

**Ғылыми зерттеулер жөніндегі директор: Кеунг Жанг Ли, PhD**

**E-mail: [kilee@kimer.kz](mailto:kilee@kimer.kz)**

**Тел:+7(727) 270 4477 ішкі 2339**